

**ҚР Энергетика министрлігінің
Отын-энергетикалық кешен мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2024 жылғы 26 маусым
сағ. 16:00

Өткізу форматы: күндізгі/«Zoom» арқылы

Төрағалық еткен: Қоғамдық кеңестің төрағасы Б.К. Әуетаев

Қатысқандар: энергетика вице-министрі Ә.Ж. Жамауов, Қоғамдық кеңестің мүшелері (*тізім бойынша*), «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Мұнай және газ өндіру департаменті директорының міндетін атқарушы А.А. Құтжанов, НКОК басқарушы директорының орынбасары Е.Б. Мұқай (*ZOOM арқылы*), КПО бас директорының орынбасары М.Н. Манкеев, ТШО бас директорының орынбасары К.А. Суесинов (*ZOOM арқылы*), Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері (*тізім бойынша*).

**1. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мемлекеттік қорға одан әрі игерудің
тиімсіздігіне байланысты қайтаратын объектілері (кен орындары)
бөлігіндегі мәселе туралы**

(А. Құтжанов)

1.1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Мұнай және газ өндіру департаменті директорының міндетін атқарушы А.А. Құтжановтың «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мемлекеттік қорға одан әрі игерудің тиімсіздігіне байланысты қайтаратын объектілері (кен орындары) бөлігіндегі мәселе туралы ақпараты назарға алынсын.

1.2. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ:

- ҚМГ үшін рентабельдігіне байланысты қайтарылатын мұнай-газ кен орындары бойынша шешім қабылдау алдында одан әрі тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін ресурстарды үнемдейтін (инновациялық) өндіру технологияларын қолдану мүмкіндігіне талдау жүргізу ұсынылсын.

1.3. Жер қойнауын пайдалану департаменті:

- жетілген кен орны бойынша қарсы міндеттемелері бар келісімшарттар (инвестициялық міндеттеме) қолданылатын бүкіл кезеңге жер қойнауын пайдалануға баламалы салықты (ЖҚБС режимі) қолдану көзделетін «жетілген кен орындарын игеруді фискалдық ынталандыру» мәселесін тез арада шешуге жәрдем көрсетсін.

**2. Қазақстандық қамтуды дамыту мәселелері бойынша ірі мұнай-газ
жобаларын (Қашаған, Теңіз, Қарашығанақ) тыңдау**

(Е. Мұқай, М. Манкеев, К. Суесинов)

2.1. «Норт Каспиан оперейтинг Компани Б.В.» АҚ (НКОК) басқарушы директорының орынбасары Е.Б. Мұқайдың, «Карачаганак Петролиум Оперейтинг» компаниясы (КПО) бас директорының орынбасары М.Н. Манкеевтің және «Теңізшевройл» ЖШС (ТШО) бас директорының орынбасары К.А. Суесиновтің қазақстандық қамтуды дамыту мәселелері бойынша ірі мұнай-газ жобалары (Қашаған, Теңіз, Қарашығанақ) туралы ақпараттары назарға алынсын.

2.2. Жер қойнауын пайдалану департаменті:

- НКОК, КПО және ТШО-мен бірлесіп ағымдағы жылы қазақстандық мұнайдың 125 жылдығына және Теңіз кен орнының ашылғанына 45 жыл толуына орай бірлескен іс-шара өткізу мәселесін қарастыру ұсынылсын;

- КПО, НКОК, ТШО, PSA-мен бірлесіп компанияның негізгі позицияларында (бас: инженер, геолог, технолог, қаржыгер және т.б.) Қазақстан Республикасының құзыретті және тәжірибелі мамандарын дәйекті алмастыру бағдарламасын әзірлесін.

3. ҚР Энергетика министрлігінің 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті

(Д. Кабдушева)

3.1. Бюджет және қаржылық рәсімдер департаментінің директоры Д.Д. Кабдушеваның ҚР Энергетика министрлігінің 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті туралы ақпараты назарға алынсын.

3.2. Бюджет және қаржылық рәсімдер департаменті:

- республикалық бюджет комиссиясының қарауына өтінімдерді қалыптастыру кезінде Министрлік жетекшілік ететін атом және басқа да салалардағы ғылымға қаржыландыру үлесін ұлғайту туралы мәселені қарастырсын (радиофобия бойынша зерттеулерге, АЭС құрылысын саясаттандырудың табиғаты мен себептерін анықтауға, сондай-ақ сутегі энергетикасын дамыту мәселесін зерделеуге, сутекті өндірудің неғұрлым экономикалық негізделген жолдарын іздеуге, талдауға және оны энергия теңгеріміне қоюға).

4. Әртүрлі

(Ж. Хайрушев)

4.1. Қоғамдық кеңес мүшесі Ж.Г. Хайрушевтің «Қазақстандық энергиямен жабдықтаушы ұйымдар қауымдастығы» ЗТБ-ның 2024 жылғы 6 маусымдағы № 77-06/24 Қазақстан Республикасының бюджеттік ұйымдарының үш жылдық кезеңде электр энергиясы үшін кемінде 750 млрд

теңге мөлшерінде артық төлеу мәселесі бойынша өтінішіне қатысты ақпараты назарға алынсын.

4.2. Қоғамдық кеңестің хатшылығы:

- Қоғамдық кеңестің барлық мүшелеріне «Қазақстандық энергиямен жабдықтаушы ұйымдар қауымдастығы» ЗТБ жауабының жобасын тиісті материалдармен бірге жолдасын.

4.3. Қоғамдық кеңес мүшелері:

- «Қазақстандық энергиямен жабдықтаушы ұйымдар қауымдастығы» ЗТБ материалдарын қарасын және Қоғамдық кеңестің келесі отырысына ұсыныстар берсін.

**Қоғамдық
кеңестің төрағасы**

Б. Әуетаев

Б. Әуетаев

**Қоғамдық
кеңестің хатшысы**

Ф. Төлеген

Ф. Төлеген